

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«GYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «GYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «GYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

«ТҰРМЫСТЫҚ ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАТЫСТЫ ҚАТЫНАСТАРДЫ ҚҰҚЫҚТЫҚ РЕТТЕУ»

Қалыбаева Айару Әлібекқызы

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ-нің заң факультетінің 1 курс студенті

aiaru250806@gmail.com

Ғылыми жетекшісі

З.Ғ.Д., профессор Ибрагимов Жамаладен Ибрагимович

Қазіргі қоғамдағы өзекті мәселелердің бірі тұрмыстық зорлық-зомбылық. Біздің заманауи дамыған қоғамда тұратынымызға қарамастан, отбасылардағы тұрмыстық зорлық-зомбылық жағдайлары өте жиі кездеседі. Көбінесе адамдар бұл туралы ашық айтпайды. Уақыт өткен сайын адамдарда өзгеруде. Демек, адамның қарым-қатынасқа деген көзқарасы өзгереді. Ал біздің менталитетімізге отбасы құндылықтарын бірінші орынға қою, отбасы ұйытқысын сақтау сынды нәрселер сіңіп, ата-баба дәстүрі мен салты бойынша «ажырасу» ұғымы – ұятқа саналды. Осыдан біраз жыл бұрын тұрмыстық зорлық-зомбылық қазақ қоғамында болмаған. Қазақ халқы ежелден қызды төрге шығарып құрметтеген, қастерлеген, көзінің қарашығындай қорғаған. Дәл солай ер баланыда туылғаннан бастап қолға жетектеп, ұлының баласын немере деп сыйлап, әу бастан-ақ тәрбиеге салған. Ертеде жігіттер алыстан келе жатқан бойжеткенді шолпысының сылдырынан таныған, яғни сол бір нәзік дыбыстан сыртта жүрген қыздардың жүріс-тұрысын іште отырып байқап, бағдарлап отырған. Тіпті осыдан-ақ құрметтілікті, нәзіктіліктің символын байқай аламыз.

Баян, Қыз Жібек, Бопай, Гауһар, Құртқа, Назым, Айманның шынайы махаббаттары мен сұлулығы қазақ эпосының ғана емес, шығыс халқының эпосының лирикалық образына айналды. Қыз-келіншектер бой түзеп, сән-салтанатпен жүрді. Көш кезінде ауылдың сыйлы бәйбішесі, ерке, сұлу қыздары көштің алдына жүре берген. Себебі ер адамдар, ауыл ақсақалдары көштен бірнеше шақырым озып кеткен, кейде әңгіме-дүкен құрып, жолда кідіріп, көштен кеш қалып, артынан көш уақытша тоқтаған кезінде қуып жеткен. Тіпті аз десеңіз бізге белгілі ұшқыш тәтеміз Х. Доспанова, Ә. Молдағұлова, М. Мәметова сияқты нәзік жанды аруларымыздың батырлығы ел есінде. Үлгілі қоғам дамыған кезде неге қазақ осыған үйір? Таласбек Әсемқұловтың айтуынша «Жоңғар соғысына дейін қазақтарда әйел адамды ұру деген болмаған». Зира Наурызбай «Әйелді алу үшін артынан жиырма жыл жүрген». Менің ойымша жиырма жыл күткен теңіне оңайлықпен қол көтермейді.

Қазақстан Республикасының Конституциясында адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмайды, әркімнің ар-намысы мен абыройы атының қорғалуына құқығы бар деп анық жазылған. Ал, Конституцияның 17-бабы адамның қадір-қасиетіне қол сұғылмаушылық және ешкімді азаптауға, оған зорлық-зомбылық жасауға, басқадай қатыгездік немесе адамдық қадір-қасиетін қорлайтындай жәбір көрсетуге не жазалауға болмайтындығы туралы тікелей айтады. Сонымен қатар, мемлекет ананы, әкені, баланы қорғау жөніндегі міндеттемені толығымен өзіне алады. Мәселен, ҚР Конституциясының 27-бабында неке мен отбасы, ана, әке және бала мемлекеттің қорғауында болатыны бекітілген. Балаларына қамқорлық жасау және оларды тәрбиелеу – ата-ананың етене құқығы әрі міндеті. Кәмелетке толған балалар еңбекке жарамсыз ата-анасына қамқорлық жасауға міндетті. Еске салсақ, Қазақстан президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша елдегі отбасылық зорлық-зомбылық мәселесі туралы сұраққа жауап беріп, елде әзірленіп жатқан және қабылданған заңдарға тоқталған еді. "Мұндай қылмыстардың алдын алып, жолын кесу үшін менің тапсырмаммен нақты шаралар қабылданды. Әйелдер мен балаларға жасалған зорлық-зомбылыққа қатысты қылмыстарды тергеумен әйел тергеушілер айналысатын болды деп айтылды. Сондай-ақ ішкі істер органдарында әйелдерді зорлық-зомбылықтан қорғаумен шұғылданатын мамандардың

штаты қалпына келтіріліп, олардың құзыреті күшейтілді", - деді президент. Біздің елімізде гендерлік теңдікке қатысты негізгі әмбебап конвенциялар ратификацияланды. Олардың ішінде БҰҰ-ның «Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы», «Әйелдердің саяси құқықтары туралы» конвенциялар бар, дегенмен, Қазақстанда және бүкіл әлемде тұрмыстық зорлық-зомбылықтың әсеріне әйелдер мен балалар көп ұшырайды. Отбасылық қатыгездік пен тұрмыстық зорлық-зомбылықты отбасы мүшелерінің жеке ісі ретінде қарастыруға болмайды. Бұл қылмыстардың әлеуметтік маңыздылығын және қауіптілігін, отбасы саласындағы адам құқықтарын қорғаудың қажеттілігін талап етеді. Осындай дәріптеулер арқылы қазіргі қоғамдағы тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қоғамның назарын белсенді аудару және оған жәйбарақат қарамау керектігін түсіндіру қажет.

73-2 бап. Ұрып-соғу. Әкімшілік құқық бұзушылық және әкімшілік жауаптылық 2-бөлім 2-кіші бөлім. 73-2-бап. Ұрып-соғу. 1. Дене жарақатын салған, бірақ денсаулыққа жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау - он айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға не он тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға әкеп соғады деп жазылған бөлім бар екенін еске саламын. Бірақ, қылмыстық кодексте «Әйелдер мен балалар құқығын қорғауға» арнайы заң дайындалды. Қазіргі уақытта Мәжілістен қабылданып 11.04 күні Сенат мақұлдады. Шамалы уақытта күшіне енсе, қоғамда әділеттілік орнайды деп ойлаймыз. Біріншіден, әйел адамның кешіруі деген норма болмайды. Екіншіден, сөзбен қорлау және тиісу қылмыстық жауапкершілікке әкеліп соғады. Педофилдерге байланысты өмірлік бас бостандығынан айыру жазасы көзделіп отыр.

Статистика бойынша 2022 жылы 750, 2023 жылы 713 отбасылық іс қозғалды. 60000 адам әкімшілік жазаға тартылды.

Ғаламтор желісін ақтара келе «Ислам дінін ұстанатын елдердің арасында Қазақстанның ажырасу коэффициенті ең жоғары» екенін аңғардым. Жалпы ажырасу көрсеткішінің осыншалықты өсуі бірнеше факторларға тікелей байланысты. Бірінші, ол елдің экономикалық даму жағдайы мен қоғамның әл-ауқаты мәселелері. Ажырасуды болдыртпау үшін, ең алдымен оның алдын алу қажет. Сонымен мен қарастырған салдардың ең біріншісі – тұрмыстық зорлық-зомбылық. Негізінен ажырасудың алдын-алу отбасыны дұрыс құрудан басталады.

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты мүлде болдыртпау, тоқтатып тастау әрине мүмкін емес. Тіпті осындай жағдайларға әлеуметтік желілердің кері әсері зор. Адамның психикалық санасына әсер етіп, ми улауға дейін апаруы мүмкін екені белгілі. Жоғарда айтып кеткенімдей, қоғаммен бірге адамда өзгерісті бастан кешіреді. Дұрыс жаққа өзгерейік. Себебі, шын мәнінде ажырасу, зорлық-зомбылық - бұл өз әдеттерімізден айырылудан бас тарту емес, қоғамды және отбасыны құрдымға тастау.

Неге осындай жақсы заманда қазақ осыған жүгіреді? Бұл-қоғам дерті.

Қорытындылай келе, біздің көздеп отырған нәтижеміз – қоғамның басты өзекті мәселесі, соның ішінде отбасы қатынастарын, тұрмыстық зорлық-зомбылықтың шығу себебін ашып айту болды. Бүгінгі таңда осы мәселелерде тек қана заңдық құқықтық тәртіпте өмір сүруіміз керек.

Зорлық зомбылықтың тарихи құқықтық негізі жоқ. Жат қылыққа барлығымыз бірдей қарсы тұруымыз керек. Әдет-ғұрыптарды үйретіп, рухани даму қажетпіз!

Қолданылған әдебиеттер тізімі:

- 1 <https://qamshy.kz/article/26727-neke-dgane-otbasy-adgyrasudynh-sebepteri-men-ony-aldyn-alu> [1]
- 2 Отбасы құндылықтары <https://massaget.kz/blogs/25953/>

3 <https://histecon.wku.edu.kz/images/pravo/zan2021-3-34-38.pdf#:~:text=Атап%20айтқанда%2C%20тұрмыстық%20зорлық-зомбылық%20себептерінің,занды%20мүдделерін%20қорғауға%20кепілдік%20береді> [37]
4 <https://kaz.nur.kz/society/2056665-zaqynda-maziliske-tusedi-qazaqstanda-turmystyq-zorlyq-zombylyqqa-qarsy-zan-azirlendi/>

УДК 349.2

О ВОПРОСАХ ЦИФРОВОЙ ТРАНСФОРМАЦИИ ОБЩЕСТВА ТРУДА

Макрушин Антон Олегович

makrushin.anton@hotmail.com

докторант кафедры конституционного и гражданского права юридического факультета ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

Научный руководитель – Нургалиева Енлик Нургалиевна, д.ю.н., профессор

В современном обществе существует множество ожиданий относительно развития технологий и их влияния на различные аспекты жизни, включая коммуникацию, доступ к информации и ее распространение, работу и производительность, образование, социальные взаимодействия и взаимоотношения, экономику и бизнес, окружающую среду и устойчивое развитие. В последнее время во многих странах особое внимание уделяется цифровой трансформации общества.

Современные технологии тесно связаны с работой человека различными способами, начиная от автоматизации и увеличения объема задач и заканчивая удаленной работой, экономией времени, сотрудничеством человека и робота и необходимостью постоянной переподготовки и повышения квалификации. Технологии потенциально способны изменить характер работы и могут создавать как возможности, так и проблемы для работников на современном рынке труда.

Взаимосвязь между современными технологиями и трудом человека в контексте инновационных процессов сложна и многогранна, включая как возможности, так и вызовы. Эти взаимосвязи могут привести к изменениям в доступности рабочих мест, типах должностей, рабочих процессах, требованиях к навыкам, а также к социальным и политическим последствиям. Организациям, директивным органам и работникам важно активно адаптироваться к этим изменениям и ориентироваться в них, чтобы обеспечить преимущества технологических инноваций при одновременном решении потенциальных проблем. Поддержание баланса между работой и личной жизнью и учет этических соображений являются важными факторами в формировании влияния современных технологий на труд человека для содействия позитивному и устойчивому будущему в сфере труда.

Многочисленные исследования авторитетных международных организаций, включая Международную организацию труда, Всемирный экономический форум, Организацию экономического сотрудничества и развития, Организацию Объединенных Наций, Глобальный институт МакКинзи, Делойт, Всемирный банк и Европейскую комиссию, изучили различные аспекты будущей работы. В совокупности эти исследования высвечивают многогранные проблемы и возможности, которые открывает быстро развивающийся мир труда.

В литературе постоянно подчеркивается влияние технологий, автоматизации, глобализации и демографических сдвигов на рабочую силу, а полученные данные указывают